



Абденова Гульнар Закарьяновна

Педагогикалық өтілі - 26 жыл, жоғары санатты бастауыш класс мұғалімі

Оқушының терең де сапалы білім алуы үшін талмай ізденетін, еңбексүйгіштік қасиетімен өз ортасында танымал маман. Педагогикалық іскерлігі мен шеберлігі жас мамандарға үлгі боларлық талант иесі, өз ісінің шебері. Көптеген шәкірттері «Алтын белгі» иегері атанды. Бүгінде еліміздің түкпір- түкпірінде еңбек етіп, бастауышта алған білім нәрінің бар алған білімдерінің негізі екендігін ұмытпайтын, ұстаздарын құрмет тұтатын азаматтар қатарында.



Биржанова Гулназ Сериковна

Педагогикалық өтілі - 10 жыл, бастауыш класс мұғалімі.

«**Үздік бастауыш класс мұғалімінің моделі**» байқауында

«**Жаңашыл бастауыш класс мұғалімі**» номинациясын иеленді (22.11.2013 ж.)

Аудандық «Панорамалық сабақтар» байқауының жүлдегері. Оқушылары аудандық «Кішкентай білгірлер», «Кішкентай зияткерлер» сайыстарының жүлдегерлері. Ізденімпаз ұстаздың алар асулары әлі алдында.



Кушербаева Анарым Бауыржанқызы

Облыстық «**Үздік жыл психологы 2013**» байқауында I дәрежелі Дипломмен (10-қазан 2013 ж.), Республикалық деңгейде «**Ең үздік авторлық бағдарлама**» номинациясымен (15-қараша 2013 ж.) марапатталды.

Кушербаева А.Б. - гимназия психологы, педагогикалық өтілі – 5 жыл. Өз мамандығын жүрегімен қалап, таңдаған бірегей маандардың бірі. Ол оқушылармен, олардың ата-аналарымен, ұстаздармен жиі- жиі түрлі іс- шарлар өткізіп, сол арқылы психологиялық

үйлесімділікке, бейімделушілікке, ұжымдағы жас ерекшеліктері әр түрлі мамандардың өзара араласуына өз білімін жұмсап, еңбексүйгіштігі арқылы тәжірибе жинақтап жүрген жаңашыл маман. Тәжірибелі ұстаздардан үлгі ала отырып, жас мамандардың ұстаздық қызметте тұрақтануына, мамандықтың қыр-сырын бірге үйреніп, жұмысына талдау жасап, ұстаздық қызметке төселіп келе жатырған ізденімпаз психолог. Гимназия оқушыларымен түрлі психологиялық жағдаяттарды шешіп, жиі сұқбаттасып отырады.



2011-2012 оқу жылында оқушысы Буккарина А. аудандық, облыстық және республикалық «**Бастау**» математикалық турнирінде **Гран При** жүлдесіне ие болды.

2012-2013 оқу жылында Ақтөбе облыстық оқу –әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен математика пәні бойынша өткен авторлық бағдарламалар сайысында Гульнар Закарьяновнаның 4-кластарға арналған «**Логикалық математика**» арнайы курс бағдарламасы облыстық байқауда II дәрежелі Дипломмен марапатталды.

Шығармашыл ұстаз үнемі ізденіс үстінде.